



Қазақстан: Автомобиль жолдарын күтіп ұстаудың орнықтылығын қамтамасыз ету жобасы

Жоба атауы	Автомобиль жолдарын күтіп ұстаудың орнықтылығын қамтамасыз ету жобасы	
Жоба нөмірі	48399-003	
Ел	Қазақстан	
Жоба мәртебесі	Белсенді	
Жоба типі / жәрдемдесу тәсілі	Техникалық көмек	
Қаржыландыру көзі / сомасы	ТК 9134-KAZ: Автомобиль жолдарын күтіп ұстаудың орнықтылығын қамтамасыз ету жобасы	
	Техникалық көмектің арнайы қоры	1,22 млн. АҚШ долл.
	ТК 9134-KAZ: Автомобиль жолдарын күтіп ұстаудың орнықтылығын қамтамасыз ету жобасы (қосымша)	
	Техникалық көмектің арнайы қоры	680 000,00 АҚШ долл.
Стратегиялық мәселелер	Инклюзивті экономикалық өсу	
Өзгерістерге ынталандыру	Басқару мен әлеуетті дамыту Озық тәжірибеге/білімге негізделген шешімдер Серіктестік	
Сектор/кіші сектор	Жеке секторды дамыту Көлік - автокөлік (қалалық емес)	
Гендерлік теңдік және оны ілгерілету	Гендерлік элементтер жоқ	
Сипаттамасы	<p>Қазақстан Үкіметі АДБ-ға елде жолдарды күтіп ұстаудың нәтижелі жүйесін енгізу бойынша жәрдемдесу туралы сұрау салды. Жолдарды пайдаланудың қолданыстағы басқару жүйесі жол инфрақұрылымының жағдайын өлшеудің жүйелі процесін, оның диагностикасын және ұзақ мерзімді перспективада оны күтіп ұстаумен байланысты келешектегі шығыстарды болжауды көздемейді. Атқарушы агенттіктің (АА) бұрын нәтижеге бағытталған жолды күтіп ұстау келісімшарттарын дайындау және жүзеге асыру тәжірибесі жоқ. Жобаны дайындауды қамтамасыз ету және конкурстық сауда-саттық процесінде АА-ке жәрдемдесу үшін келісімшартты беру кезеңіне дейін Жобаны дайындаудағы техникалық көмек (ЖДТК) бекітілді.</p>	
Жобаның негіздемесі және елдік/өңірлік стратегиямен байланысы	<p>Қазақстанның теңізге шығар жолы жоқ, сондықтан да жолдар сауда мен қозғалыс үшін шешуші маңызы бар. Осыны ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бірқатар стратегиялық саясатты және жоспарларды қабылдады және осыларда күшті көлік қызметтері ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикалық өсу және әртараптандыру, сондай-ақ әлеуметтік дамуға ықпал ететін негізгі элементтердің бірі ретінде айқындалады. 2014 жылдың қараша айында Қазақстан Президенті «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын ұсынды, оған сәйкес көлік инфрақұрылымын дамыту үкімет басымдықтарының бірі болып табылады. Кейіннен, Үкімет 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын қабылдады, оған сәйкес жолды күтіп ұстау секторында шешілуі тиіс негізгі проблемалар жолдарды қалпына келтіру үшін жоғары капиталдық шығындар және аяқталмаған жұмыстар, басқалар болып табылады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы негізінде дайындалған 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама «ешқандай ақаусыз» келісімшарттар жүйесін енгізуді және 2017 жылға жолдарды күтіп ұстау секторында нәтижеге бағдарланған қызмет көрсетуді талап етеді. Қазақстан Үкіметі институционалдық және нормативтік реформалардың үйлесімі арқылы осы саланы әрі қарай ырықтандыру үшін жол-көлік көрсетілетін қызметтерін дамытуға ниеттенді.</p> <p>Қазақстандағы республикалық маңызы бар жолдарды дамыту және қолдау саласындағы</p>	

меншік, басқару және нормативтік реттеу құрылымдары сегменттелді. Автожолдарды ұстап тұрудың қолданыстағы жүйелері мен практикасы инновацияларды ынталандыруды, шығыстарды оңтайландыруды және төмендетуді, мемлекеттік бюджет қаражатын жолдарды күтіп ұстауға жұмсалатын шығындардың тиімділігін арттырады. Жолдарды күтіп ұстауды жоспарлау республикалық маңызы бар осы жолға берілуі үшін қызмет көрсету деңгейінің сапасын айқындап алусыз, тек жұмсалатын ресурстар мен көрнекі бағдарын көру негізінде, қысқа мерзімге жүзеге асырылады. Нәтижесінде, республикалық маңызы бар жолдар активтері күтіп ұстау жұмыстарының циклынан алынып қалып, республикалық жолдардың сапасы нашарлап әрі қауіпті жағдайға келді.

2013 жылдың ақпан айында Үкімет күрделі жөндеу жұмыстарына және жолдарды күтіп ұстауда сатып алу және қадағалау үшін жауапты болып табылатын, мемлекет қаржыландыратын, жолдарды басқару үшін ұлттық оператор «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамын құрды. «Қазақавтожол» республикалық мемлекеттік кәсіпорны жолдарды күтіп ұстауға жауапты. 2014 жылы Көлік және коммуникация министрлігінің құқық иеленушісі ретінде Инвестициялар және даму министрлігі (ИДМ) құрылды. ИДМ шеңберінде жол секторын Автомобиль жолдары комитеті (АЖК) басқарады. «ҚазАвтоЖол» және «Қазақавтожол» АЖК-ға бағынысты.

АЖК Азия Даму Банкіне (АДБ) автожолдарды күтіп ұстау секторында жолдарды күтіп ұстаудың нәтижелігіне негізделген келісімшарт жүйесін енгізуге жәрдемдесу үшін жүгінді. Жоба АДБ-ның «Стратегия – 2020» шолуының орта мерзімді шолуында анықталған стратегиялық басымдықтарға сәйкес келеді. Ол сондай-ақ білімді дамытуға, озық тәжірибелермен алмасуға және жеке секторды дамыту тәжірибесіне инновациялық өнімдердің қосымша құндылығын таниды және қолдайды.

Ықпал ету

Жобаның түпкі нәтижесі

Түпкі нәтиженің сипаттамасы

Түпкі нәтижеге жету барысы

Іске асыру барысы

Жобаның тікелей нәтижелерінің сипаттамасы

Жобаны іске асыру барысы (тікелей нәтижелер, іс-шаралар, проблемалар)

Географиялық орналасуы

Ақтөбе, Қостанай

Экологиялық және әлеуметтік аспектілер туралы жиынтық ақпарат

Экологиялық аспектілер

Мәжбүрлі қоныс аудару

Байырғы халықтар

Мүдделі тараптарды ақпараттандыру, қатыстыру және олармен консультациялар

Жобаны дайындау кезінде

Жобаны дайындау барысында әлеуметпен консультациялар өткізіледі. Жобаның негізгі мүдделі тараптары «ҚазАвтоЖол», «Қазақавтожол», үкімет, жол-құрылыс компаниялары және жергілікті қоғамдастық. Ықтимал бенефициарлар - жергілікті және/немесе транзиттік көлік құралдарының жүргізушілері мен көлік операторлары, сондай-ақ жергілікті тұрғындар.

Жобаны іске асыру кезінде

Жобаны іске асыру кезінде де әлеуметпен консультациялар өткізіледі.

Коммерциялық мүмкіндіктер

Консультациялық қызметтер

Техникалық көмек есебінен қаржыландырылатын барлық консультациялық қызметтер АДБ-нің Консультанттарды тарту жөніндегі нұсқаулығына сәйкес (2013 жылғы нұсқаулық, мерзімді өзгерістермен) сатып алынатын болады.

Сатып алулар

Жолдарды күтіп ұстау бойынша келісімшарттарды сатып алу АДБ-нің Сатып алу жөніндегі нұсқаулығына сәйкес (2015 жылғы нұсқаулық, мерзімді өзгерістермен) жүзеге асырылатын болады. Жоба бойынша сатып алу жоспары ЖДТК-ті іске асыру барысында пысықталады.

А санатына сатып алуға байланысты тәуекелге қатысты, өйткені ол келісімшарттың

салыстырмалы түрде жаңа нысанын қолдануды көздейді.

АДБ-ның жауапты маманы	Каллиокоски, Ари
АДБ-ның жауапты департаменті	Орталық және Батыс Азия департаменті (ОБАД)
АДБ-ның жауапты басқармасы	Көлік және коммуникациялар басқармасы, ОБАД
Атқарушы агенттіктер	«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Амман көшесі, 8, «Милано» Бизнес орталығы

Кесте

Тұжырымдаманы бекіту	-
	-
Ақпарат жинау	-
Басшылықтың шолу отырысы	2016 ж. 14 шілде
	-
Мақұлдау	2018 ж. 27 наурыз
Соңғы шолу миссиясы	
ЖАА-ның соңғы жаңартылуы	

ТП 9134-KAZ

Бақылау кезеңдері

Мақұлдау	Қол қою күні	Күшіне ену күні	Жабылу күні		
			Бастапқы	Қайта қаралған	Нақты
2016 ж. 14 шілде	2016 ж. 5 тамыз	2016 ж. 5 тамыз	2017 ж. 30 қыркүйек	2018 ж. 30 қыркүйек	-

Қаржыландыру жоспары / техникалық көмекті пайдалану						Игерілген қаражаттың барлығы		
АБР	Қоса қаржыландыру	Серіктестер				Барлығы	Күні	Күні
		Үкімет	Бенефициарлар	Жоба демеушісі	Басқалар			
1,900,000.00	0.00	0.00	0.00	0.00	0.00	1,900,000.00	2016 ж. 14 шілде	549,512.88

Жобаның веб-парақшасы <https://www.adb.org/projects/48399-003/main>

Ақпаратқа сұрау салу <http://www.adb.org/forms/request-information-form?subject=48399-003>

Дайындау мерзімі 2018 ж. 11 мамыр

Жобаның ақпараттық анықтамалығы (ЖАА) жоба немесе бағдарлама жөніндегі жиынтық ақпаратты қамтиды: ЖАА аяқталмаған жұмыс болғандықтан кейбір ақпарат оның бастапқы нұсқасына енгізілмеуі мүмкін, бірақ олар қолжетімді болғаннан кейін қосылады. Ұсынылып отырған жобалар туралы ақпарат алдын ала және индикативтік болып табылады.

АДБ осы ЖАА-ғы қамтылған ақпаратты пайдаланушылар үшін кез келген кепілдіксіз нысанда, тек қана ресурс ретінде ұсынады. АДБ жоғары сапалы мазмұнды ұсыну қағидасын ұстанады, ақпаратты «сол қалпында», кез келген түрдегі кепілдіктерсіз береді, соның ішінде белгілі бір нәрсеге меңземейді немесе білдірмейді, шектеусіз, коммерциялық қолдануда кепілдіктерсіз, нақты мақсатқа жарамдылықсыз және авторлық құқықтарды ешқандай бұзбастан береді. АДБ кез келген осындай ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы үшін арнайы кепілдіктерді бермейді немесе мәлімдемелер жасамайды.